

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Сартоғай ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 3 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 сәуірде № 3867 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Сартоғай ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 10 шілдедегі № 7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Сартоғай ауылдық округі әкімінің 10.07.2015 № 7 шешімімен (қол қойылған күннен бастап күшіне енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдесіндегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Байғанин аудандық аумақтық инспекциясының Бас мемлекеттік ветеринарлық инспекторының 2014 жылғы 14 сәуірдегі ұсынысының негізінде, Сартоғай ауылдық округ әкімі

Ш Е Ш І М **Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Ірі қара малдарынан арасында "бруцеллез" ауруының шығуына байланысты Сартоғай ауылдық округінің "Баршақұм" елді мекенінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сартоғай

ауылдық

округінің

әкімі: Е.

Қарабасов